



Еслова Толғанай Қайратқызы

Семей қаласы "М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ"

Ғылыми жетекшісі: Мавлитаева Г.А.

Тақырыбы: *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT, АКТ арқылы
интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру*

Аннотация

Бұл мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың бағыттары қарастырылған. Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқытуды жүйелі түрде жүргізумен байланысты. Кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруде болашақ бастауыш сынып мамандарының шеберліктерін арттыру мен теориялық білімін тереңдету, кәсіби қызметті орындау әдістеріне де үйретудің маңыздылығы атап көрсетілген. Педагогтың сыни ойлау, талпыныс пен талдау жасау, өзінің ұстанымын дәлелдей алуы бастауыш сынып мұғалімінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруы, ақпаратты сәйкесінше қабылдауы сияқты қасиеттерге ие болуы туралы айтылған.

Аннотации

В данной статье представлены направления формирования профессиональной компетентности будущих специалистов. Важность формирования у них профессиональной компетентности в подготовке будущих специалистов начальных классов связана с регулярным обучением новым технологиям. Подчеркнута важность совершенствования навыков и углубления теоретических знаний будущих специалистов начальных классов в приобретении профессиональных компетенций, а также обучения приемам выполнения профессиональной деятельности. Говорится о том, что педагог должен обладать такими качествами, как критическое мышление, трудолюбие и анализ, умение доказывать свою позицию, формирование интеллектуального потенциала учителя начальных классов посредством ИТ, адекватное восприятие информации.

Annotations

This article provides directions for the formation of professional competence of future specialists. The importance of the formation of their professional competence in the training of future primary school specialists is connected with regular training with new technologies. The importance of improving the skills and deepening theoretical knowledge of future primary school specialists in the acquisition of professional competences, as well as training in the methods of performing professional activities was emphasized. It is said that the pedagogue should have qualities such as critical thinking, effort and analysis, the ability to prove his position, the formation of the intellectual potential of the primary school teacher through IT, and the appropriate perception of information.

Кіріспе

Қазіргі заман талабына сай болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сапаларында теориялық білім, озық тәжірибе, ойлау мәдениеті, интеллект, ақпараттық мәдениет, танымдық және кәсіби

күзінеттіліктің қамтамасыз етілуі көзделеді. Болашақ мұғалімдерде ақпараттық сауаттылыққа тән сапалар, жүйелі білім, жүйелі ойдың, логиканың болуы қазіргі заманғы білімділіктің басты өлшемі деуге болады. Ақыл-ойды дамыту және болашақ мамандарды ІТ сауаттылығы бойынша тәрбиелеу – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі.

Сондықтан болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай жаңаша ұйымдастыру, білім беруде ІТ көмегімен дүниетанымның ұстанымдарын меңгертуді, талдауды, қайта жасақтауды талап етеді.

Негізгі бөлім

XXI ғасыр-озық технологияларды оқыту ғасыры. Заман талабына сай білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану. Бұл бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби күзінеттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде. Ол үшін студенттердің кәсіби күзінеттілігін тек теориялық емес соңымен бірге тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру және білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту қажет. Интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш бағыт бойынша жүзеге асады.

Біріншісі, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыру.

Үшіншісі, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдіру.

Ақпараттық технология – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, таратудағы техникалық құралдар мен әдістердің жиынтығы, яғни әлеуметтік және техникалық басқару мүмкіндігін жетілдіру және адамдардың білімін кеңейтуде ақпаратты ұсыну.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары мен әдістерінің жиынтығы

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың білім сапасын арттыру құралы ретінде

АКТ-ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу, яғни оқушыны ақпараттық қоғамға бейімдеу. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Өз сабақтарда АКТ-ны жиі пайдаланады. Құрал-жабдықтар ретінде: компьютер , ноутбук, электронды оқулықтар, видеопроектор, ұялы телефон, планшет, ауқымды ақпаратты сақтағыш құрылғылар, интербелсенді тақта, фотоаппарат, интернет, т.б.

Кәсіби даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері – еліміздің болашақ ұлтты құраушы тұлғалары дейтін болсақ, ІТ, интеллектуалды әлеует ұғымдарының диалектикалық астарлары бізге негіз болып отыр. Олар: жаңа ақпараттық-танымдық теория жасау, терең білімді игеру, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік, ұлттық мүддеге қызмет ету, жасампаздық, жасанды интеллект, озық технология иегері, ақпараттық өрлеу дескрипторы, жаңа философиялық пайымгер(креативтілік), зияткер және кемелді болу.

- ✓ Әр сабақта интерактивті әдістерді қолдану;
- ✓ Тапсырманың деңгейлер бойынша берілуі;
- ✓ Әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- ✓ Инновациялық технологияларды тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу;

Ақпараттық технологияларды сабақ үстінде пайдаланудың формалары артықшылықтары мынадай болып келеді:

- сабақ барысында демонстрация әдісін қолдану арқылы материалды түсіндіру,
- оқушыны сөйлету;
- жеке жұмыс, талдау, қажет ақпаратты іздестіру;
- сабақтан тыс уақытта оқушының дербес, өздігінен қолдануы, яғни үй тапсырмасын орындауы, өзіндік бақылау;
- мұғалімнің сабақтың басында үй тапсырмасын сұрау кезінде қолдануы , дидактикалық тапсырма орындауы.

Білім берудегі АКТ-ның кемшілігі:

- техниканы орнату қауіпті болуы мүмкін;
- АКТ- құралдарымен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ оқытушыларда қиындық тудыруы;
- Кейбір бағдарламалар ақылы түрде болуы;

Бастауыш сыныптарда интербелсенді тақта арқылы ойнатылатын ойын түрлері		
Дидактикалық ойындар	Бағдарламалар арқылы тапсырмалар орындату(Learningapps.org, padlet, wordwall)	Ойын технологиялары арқылы

Бағдарламалар арқылы тапсырмалар орындату(Learningapps.org, padlet, wordwall)

Сабақ құрылымында үй тапсырмасын сұрау кезеңінде немесе сабақты ортасында берілген білімді меңгергеннен кейін қолдану. Мысалы

- ✓ <https://learningapps.org/watch?v=pagdz7w8522>
- ✓ <https://wordwall.net/embed/871ca8337e344dd3ac0d2202c518a2da?themeId=46&templateId=48&fontStackId=0>
- ✓ <https://learningapps.org/watch?v=prjhe1kmc22>
- ✓ <https://wordwall.net/resource/36391636>
- ✓ <https://padlet.com/loathsomesystemunited/ggr1b47dyxykcny7>
- ✓ <https://learningapps.org/watch?v=pje2ju6x322>
- ✓ <https://wordwall.net/ru/resource/36903630>

Білім беруде кәсіби құзырлы маман мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын тұлғалық, ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жана технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагог.

Қорыта келе, қазіргі кезде мұғалімнің өзіне тән белгілі бір жаналығы болуы қажет. Ғылым жаналығын өзіндік түрлендіруде өз үлесін қосу, жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін көшірмеуі, жана ортаға икемделіп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік- мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашыл жан- жақты тұлға болуы қажет. Ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді..